

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» ЖАҚ
басқарма бөлігасы-ректоры
Наметов А.М.
« 06 » 09 2022 ж.



**БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ
БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.15.

№ 07 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 01.09.2022 ж. Алмагамбетова М.Д.	Келісілді: 05.09.2022 ж. Губашев Н.М. Ихсанов Е.Б.	Енгізілді: 07.09.2022 ж. СМЖ.07.ЛН.15. 23.02.2021 ж. орнына Қайта каралуы: 08.09.2025 ж.
---	--	--

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолданылуы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл Нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалған.

2. Қолданылуы

Бұл Нұсқаулық Білім беру менеджменті мен мониторинг басқармасының (ББМЖМБ) басшысына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. ББМЖМБ басшысы міндетті:

3.1.1. Басқарманың барлық қызметіне басшылық жасау және оның ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

3.1.2. Басқарманың жұмыс жоспарларын қалыптастыруға басшылық жасау, оларды іске асыру үшін дербес жауапты болу.

3.1.3. Университетте білім беру қызметінің инновациялық-әдістемелік бағыттарын, әдістері мен нысандарын дамыту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге, ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.

3.1.4. Инновациялық білім беру технологияларына талдау жүргізу және оларды университеттің оқу процесіне енгізу мүмкіндіктерін анықтау.

3.1.5. Аккредиттеуден өту және конкурстық құжаттаманы дайындау бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асыру.

3.1.6. Білім беру бағдарламалары бойынша Академиялық Комитеттердің және институттардың Білім беру сапасын қамтамасыз ету Комитеттерінің қызметтерін үйлестіру.

3.1.7. Университеттің білім беру қызметтерінің ішкі және сыртқы тұтынушыларының қанағаттану мониторингінің нәтижелеріне талдау жүргізу.

3.1.8. Білім беру процесі субъектілерінің қызметін жоспарлау, аккредиттеу және бағалау жүйесі мәселелері бойынша ПОҚ, әкімшілік-басқарушылық, оқу-көмекші қызметкерлер үшін оқыту семинарларын өткізу.

3.1.9. Университет туралы есепті деректерді дайындауға қатысу.

3.1.10. Университеттің СМЖ-ң тиімді жұмыс істеуін және тұрақты жақсаруын қамтамасыз ету.

3.1.11. Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша қызметті жоспарлау мен басқаруды қамтамасыз ету.

3.1.12. Білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу бағдарламаларын, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін, оқу-әдістемелік құралдарды, дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыруға қатысу.

3.1.13. Оқу процесіне инновациялық оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды, оқытудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді енгізуге ықпал ету.

3.1.14. Инновациялық озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату және білім беруді ақпараттандыру бойынша іс-шаралар өткізу.

3.1.15. Университетте білім беру процесінің мониторингін ұйымдастыру.

3.1.16. Университетте білім беру қызметтерін көрсету бойынша білім беру процесіне қатысушылардың қызмет көрсеткіштерін бағалауды жүргізу.

3.1.17. СМЖ-не талдау жүргізу және СМЖ-ң жұмыс істеуі және оны жақсарту қажеттілігі туралы жоғары басшылыққа есептер ұсыну.

3.1.18. Барлық бөлімшелерде тұтынушылардың талаптары туралы түсініктің таралуын қамтамасыз ету.

3.1.19. СМЖ-ң сұрақтары, инновациялық технологиялар мәселелері бойынша бөлім басшыларын жоғары оқу орнышiлiк семинарларда оқыту және күнделiктi қызметте әдiстемелiк көмек көрсету.

3.1.20. СМЖ iшкi құжаттамасын жетiлдiрудi және өзектендiрудi қамтамасыз ету.

3.1.21. Iшкi нормативтiк құжаттардың жобаларының СМЖ талаптарына сәйкестiгiне сараптама жүргiзу.

3.1.22. Сертификаттау және сапа жүйесi жөнiндегi республикалық және өңiрлiк органдармен және инновациялық-әдiстемелiк орталықтармен байланыста болу.

3.1.23. Басшылықтың бiржолғы тапсырмаларын орындау.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. ББМжМБ басшысы университеттiң басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

3.2.2. ББМжМБ басшысы өз қызметiнде Оқу жұмыстары жөнiндегi проректорға бағынады.

3.3. ББМжМБ басшысы бiлуi қажет:

3.3.1. Жоғары оқу орындарының қызметiн регламенттейтiн Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтiк құқықтық актiлерiн, жоғары және жоғары оқу орнынан кейiнгi бiлiм берудi дамытудың басым бағыттарын айқындайтын республикалық, өңiрлiк және жергiлiктi басқару органдарының шешiмдерiн.

3.3.2. Елдiң жоғары бiлiм берудi дамыту перспективаларын, университеттi дамытудың орта мерзiмдi перспективаға арналған басым бағыттарын және оларды iске асыру жөнiндегi негiзгi шараларды.

3.3.3. Жоғары оқу орындарында оқу және әдiстемелiк процестердi жоспарлау, басқару және ұйымдастырудың ғылыми-әдiстемелiк негiздерiн.

3.3.4. Бiлiм беру қызметтерi сапасының iшкi және сыртқы мониторингi қағидалары мен рәсiмдерiне қойылатын негiзгi талаптарды.

3.3.5. Университеттiң Жарғысын, iшкi тәртiп ережелерiн және орындалатын жұмыс мәселелерi бойынша жоғары оқу орнышiндегi нормативтiк құжаттарды.

3.3.6. Өз өкiлеттiктерi шегiнде СМЖ құжаттарын.

3.3.7. Осы лауазымдық нұсқаулықты.

3.3.8. Еңбек заңнамасының негiздерiн.

3.3.9. Еңбектi қорғау ережелерi мен нормаларын.

3.3.10. ББМжМБ басшысының құзыретiне кiретiн барлық мәселелердi, ұйымдастырушылық қабiлеттерiн, жоғары жауапкершiлiк сезiмiн, жеделдiгiн, адамдармен жұмыс iстеу қабiлетiн толық бiлуi керек.

3.3.11. Мемлекеттiк тiлдi iскерлiк деңгейде бiлуi, ДК-де жұмыс iстей бiлуi тиiс.

3.3.12. Өз бiлiктiлiгiн үнеми арттырып отыруы керек.

3.4. Бiлiктiлiк талаптары:

Тиiстi мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейiнгi) бiлiм және басшы лауазымдардағы жұмыс өтiлi кемiнде 3 жылдан кем емес немесе ғылыми дәрежесi болған кезде – ғылыми-педагогикалық жұмыс өтiлi кемiнде 3 жылдан кем емес.

4. Жауапкершiлiгi мен өкiлеттiгi

4.1. ББМжМБ басшысы жауапты:

4.1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында айқындалған шектерде осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзiнiң лауазымдық мiндеттерiн орындамағаны (тиiсiнше орындамағаны) үшiн.

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде.

4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде.

4.1.4. СМЖ саласындағы міндеттемелер мен талаптарды сақтамағаны үшін.

4.2. ББМжМБ басшысы өкілетті:

4.2.1. Әр түрлі ұйымдармен, жергілікті билік органдарымен, ҚР ҒЖБМ, ҚР АШМ, басқа министрліктермен және ведомстволармен өзара қарым-қатынастарда сапа және инновациялық-әдістемелік қызмет мәселелері бойынша университеттің мүдделерін білдіруге.

4.2.2. Университет басшылығының шешімдерінің жобаларын әзірлеуге қатысуға.

4.2.3. Өз жауапкершілігі аясындағы құжаттарға бұрыштама және қол қоюға.

4.3. ББМжМБ басшысы құқылы:

4.3.1. Университет басшылығының өз лауазымдық міндеттерін атқаруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге.

4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға.

4.3.3. Ғылыми кеңестің, ректораттың қарауына білім беру процестерін басқару жүйесін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге.

4.3.4. Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыруға, өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға.

4.3.5. Өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға.

4.3.6. Ұйымдастырушылық және әдістемелік қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеуге.

4.3.7. Жылына ұзақтығы 30 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға.

5. Құжаттама

-

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. №414-V.

ҚР «Білім туралы» Заңы (өзг. мен толық. 07.07.2020 ж. №351-IV).

ҚР «Ғылым туралы» Заңы 18.02.2011 ж. №407-IV.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11.07.1997 ж. №151.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410-V.

ҚР-дағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. 27.12.2019 ж. №988.

ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы (өзг. мен толық. 12.10.2018 ж.).

ҚР БҒМ 29.11.2007 ж. №583 бұйрығы. Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы. 22.05.2019 ж.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Жарғысы.

ҚР СТ ИСО 9001-2015. Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.

СМЖ.08.ҚЕ.28. – Академиялық саясат.

СМЖ.08.ҚЕ.06. – Университеттің ішкі тәртіп ережесі.